

## Стационарлық бекеттер көбейтіледі

Өткен жылдың соңғы 11 айы ішінде өңірдегі жасөспірімдер қылмысы 2012 жылмен салыстырғанда 49,3%-ға, дәлірек айтқанда, бөгденің мүлкін ұрлау – 51,8%, тонау – 45%, алаяқтық – 66,6%, бопсалау -80%, көлік айдап әкету -50%, бұзақылық – 85,7%-ға азайған. Есесіне қарақшылық шабуыл жасайтындар саны артқан. Бұл туралы құқықбұзушылықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі салааралық комиссия отырысында ІІБ бастығының орынбасары Ә.Данияров мәлімдеді. Қылмысқа қолын малған 36 жасөспірімнің 21-і мектеп оқушысы, 12-сі колледж, ал екеуі жоғары оқу орындарының студенті көрінеді. Қылмыс жасауға бейім 135 жасөспірім мен 153 сәтсіз отбасы есепке алынған болса, сот шешімімен 35 адам ата-ана құқынан айырылған.

### Рауза МҰСАБАЙ

Қалалық білім бөлімінің басшысы М.Қайырбаева қылмыс санын азайтудағы басы қайырылған шаруалар жайына тоқталды. Оның айтуынша, №7 мектептен – 5, №2 мектептен 6 оқушы құқық бұзған. Осыған орай №2 мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог және әлеуметтік педагогқа сөгіс жарияланса, №7 мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және сынып жетекшісі ескерту алған. Енді қыз балалар да бопсалауда алдына жан салмайтын болды. Олай деуге, 6 рет өзгенің қымбат бұйымын тартып алған қыздың (№2 мектеп) әрекеті дәлел. Небәрі 15-тегі ол бас бостандығынан айырылып үлгерсе, жүгенсіз кеткен бір оқушы (№7 мектеп) ШҚО-ның жасөспірімдер арнаулы интернат-мектебіне жіберілген. Жасөспірімдердің тура жолдан таяуына көбіне тәрбиенің кемдігі себеп болып жатады. Осы мәселеге қатысты сөзінде қала әкімі қосымша білім беретін тех-

никалық мектеп ғимаратында орналасқан балалар кітапханасын техникалық әдебиеттермен толықтырып, теріс діни ағым жетегіне ерген жасөспірімдерді жөнге салу ісін ширатуды тапсырды.

–Жер қатынастары және бақпана бөлу саласында ішкі аудит жүргізілуде. Азаматтардың жеке меншік үй салуға жер телімін алуға жасаған өтініштері есепке алынды. Сонымен бірге пайдаланылмаған жер телімдерінің есебі жүргізілуде, – деді сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жайын баяндаған аппарат басшысы М.Адаспаева. Өткен жылы 76 жер телімі түгенделіп, соның 26-сы игерілмегеніне көз жеткізілген. Енді 50 жер телімінің иесі анықталуда. Ауыл шаруашылығы мақсатына жұмсалатын 13489 га 9 жер телімі иесіз мүлік ретінде есепке алынған. Соның 10489 гектары малшылардың үлесіне тиген.

Қалалық прокуратура бөлімінің бастығы Д.Мусин Екібастұз қаласы бойынша 11 ай ішіндегі қылмыстың жай-күйі туралы баяндады. Осы мерзімде 2988 (2012 ж -2296) қыл-

мыс тіркелген болса, соның 22-і (2012 ж.-18) ауыр түріне жатады. Денеге қасақана зақым келтіру оқиғасының 19-ға (2012 ж.-15), әйел зорлау оқиғасының 22,5%-ға артқаны алаңдатарлық. Десе де, есірткіге қатысты қылмыс саны 2012 жылмен салыстырғанда 17 оқиғаға азайған. Әйел қауымы 11 айда орын алған 1469 қылмыстың бел ортасында жүр. Кейінгі кездері қала көшелерінде бой көтерген стационарлық посттар өз жұмыстарының тиімділіктерін көрсетіп отыр. Жиында сондай посттарды орнату ісін жалғастырудың маңыздылығы да айтылды.

Екібастұз өңірінде мал ұрлығы да саябыр табар емес. Бұл тұрғыда ҚІБ бастығының орынбасары Ә.Данияров баяндады. Әсіресе, Төртүй ауылдық округінде – 8, Ақкөлде – 8 және Құдайкөлде – 7 оқиға орын алған. Жалпы, 2013 жылдың 11 айында мал ұрлығына қатысты 63 (2012 ж. – 40) қылмыс тіркелген. Қолды болған 1065 малдың 683-і (825 жылқының 666-сы, 57 ірі қараның 6-уы, 153 ұсақ малдың 11-і) табылған. Қалғаны ізім-ғайым кеткен. Бақпаса, мал кететіні анық. Бұл орайда А.Вербняк жоғарыда аталған ауыл әкімдеріне 1 сәуірге дейін бақташы қарастыру мәселесін шешуді тапсырды.

Сондай-ақ, жиында аппарат басшысы М.Адаспаева құқықбұзушылықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы салааралық күрес жөніндегі комиссия жұмысын қорытындыласа, прокуратура бөлімінің бастығы Д.Бейсенбаев мемлекет кірісіне әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу туралы есеп берді.